

"Астана қаласының тарихи және мәдени ескерткіштерін қорғау аймақтарының, құрылыштық салуды реттеу аймақтарының шекараларын бекіту туралы" Астана қаласы мәслихатының 2010 жылғы 26 қарашадағы № 404/53-IV шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Астана қаласы мәслихатының 2015 жылғы 31 наурыздағы № 354/49-V шешімі. Астана қаласының Әділет департаментінде 2015 жылды 6 мамырда № 904 болып тіркелді. Күші жойылды - Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының 2022 жылғы 17 тамыздағы № 218/28-VII шешімімен.

Ескерту. Күші жойылды - Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының 17.08.2022 № 218/28-VII (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн откеннен кейін қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Астана қаласы әкімдігінің ұсынысын қарап, "Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының 1992 жылғы 2 шілдедегі Заңы Зәңбек-бабының 2-тармағын басшылықта ала отырып, Астана қаласының мәслихаты **ШЕШІТІ**:

1. "Астана қаласының тарихи және мәдени ескерткіштерін қорғау аймақтарының, құрылыштық салуды реттеу аймақтарының шекараларын бекіту туралы" Астана қаласы мәслихатының 2010 жылғы 26 қарашадағы № 404/53-IV шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2010 жылғы 13 желтоқсанда № 658 болып тіркелген, "Астана ақшамы" және "Вечерняя Астана" газеттерінің 2010 жылғы 16 желтоқсанда шыққан 139 және 146 нөмірлерінде жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешімге қосымшада:

реттік нөмірі 25 жол алғанып тасталсын.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі.

Астана қаласы мәслихаты

сессиясының төрағасы

А. Ким

Астана қаласы

мәслихатының хатшысы

С. Есілов